

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгiнi мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелiк конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткiзiлген күнi	7 сәуiр 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	022
Жинақтағы беттерi	96-98
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 304.444
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсiптерi-экономикалық өсу мен дамудың драйверлерi // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Даулетбекқызы Балжан
Мәртебесi	Студент
Ғылыми жетекшi	Ғылыми жетекшiсi, э.ғ.к., профессор – Молдашева А.К.
Мақала атауы	АРТ-МЕНЕДЖЕР МЕН PR МАМАНЫНЫҢ СЕРIКТЕСТIГI: МӘДЕНИ ИНДУСТРИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ НЕГIЗI

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

зияткерлік ресурстардың құндылығы артып келеді. Білімді, білікті және дені сау халық – инновациялық экономика мен технологиялық прогрестің негізгі қозғаушы күші. Жоғары сапалы білім беру жүйесі, кәсіптік даярлау және үздіксіз оқыту бағдарламалары еңбек өнімділігін арттырып, жаңа технологияларды игеруге мүмкіндік береді. Инвестицияланған адами капитал еңбек нарығын икемді етіп, өндірістің тиімділігін арттырып, инновациялық кәсіпкерліктің дамуына жол ашады. Бұл өз кезегінде елдің халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Осылайша Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ұлттық әл-ауқатын арттыру адами капиталдың сапасын көтеруге тікелей байланысты. Сондықтан ел үкіметі мен бизнестің білім беру, ғылым, денсаулық сақтау және кәсіби дағдыларды жетілдіру салаларына инвестиция салуы – ұзақ мерзімді экономикалық жетістікке жетудің басты шарты.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. ҚР Ұлттық экономика министрлігі. Қазақстан экономикасының дамуы. – Нұр-Сұлтан: Экономика институты, 2023, 354 б.
2. Дүниежүзілік банк. Қазақстандағы адами капитал индексі: талдау және ұсыныстар. – Вашингтон, 2022, 128 б.
3. ҚР Стратегиялық жоспарлау агенттігі. Қазақстан экономикасы: 2023 жылға шолу. – Алматы, 2023, 215 б.
4. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі. Жоғары білім және еңбек нарығы: Қазақстандағы үрдістер. – Нұр-Сұлтан, 2023, 187 б.
5. OECD. Human Capital Development in Central Asia. – Paris: OECD Publishing, 2022, 265р.

**ӘОЖ 304.444**

### **АРТ-МЕНЕДЖЕР МЕН PR МАМАНЫНЫҢ СЕРІКТЕСТІГІ: МӘДЕНИ ИНДУСТРИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ НЕГІЗІ**

**Даулетбекқызы Балжан**

kazezova.b.d@gmail.com

“Арт-менеджмент және продюсерлеу” кафедрасының 1-ші курс студенті  
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., профессор – Молдашева А.К.

Қазіргі заманғы мәдениет кеңістігі - күрделі, көпқырлы құбылыс. Өнер енді тек эстетикалық құндылық емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және экономикалық құралға айналды. Мәдени индустриялар бүгінгі экономиканың маңызды салаларының бірі ретінде дамып келеді. Бұл үдерісте әрбір өнер жобасының қоғаммен байланыс орнатуы ғана емес, сонымен қатар экономикалық пайда алып келуі де басты орынға шықты. Осы күрделі жүйеде арт-менеджер мен PR маманының серіктестігі табысты және тұрақты мәдени-экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Бірі жобаны жоспарлап, ұйымдастырып, жүзеге асырса, екіншісі - оны қоғамға ұсынып, кең аудиторияны тарту арқылы оның экономикалық дамуын іске қосады.

**Арт-менеджердің мәдени және экономикалық процестегі рөлі.** Арт-менеджер - қазіргі заманғы мәдениет пен өнер саласындағы жобаларды ұйымдастырып, үйлестіріп, оны дамытатын кәсіби маман. Оның жұмысы шығармашылық идея мен оны жүзеге асыру арасындағы көпір ғана емес, сонымен қатар мәдени жоба арқылы экономикалық құндылық жасау процесінің қозғаушысы болып табылады. Арт-менеджер жобаның концепциясын құрып, оны жүзеге асыру жоспарын жасап, қаржыландыру көздерін іздейді, демеушілер мен

серіктестерді тарту арқылы жобаның экономикалық негізін қалайды. Сонымен қатар, мәдени кеңістікті таңдау, техникалық қажеттіліктерді қамтамасыз ету және көрерменге қолайлы жағдай жасау - оның жұмысындағы негізгі экономикалық құрал. Тиімді ұйымдастырылған арт-жоба туризмді дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті бизнестердің дамуына әсер етуге қабілетті.

**PR маманының мәдени және экономикалық процестегі рөлі.** PR маманы - ұйым мен қоғам арасындағы байланысты орнататын ғана емес, сонымен бірге мәдени жобаға экономикалық серпін беретін тұлға. Қоғаммен дұрыс диалог орнату арқылы ол жобаға аудитория, демеушілер мен медиа назарын тартады. Бұл өз кезегінде көрермен санының артуына, билет сатылымдарының көбеюіне, өнімдер мен мерчандайзингке сұраныстың өсуіне алып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі белсенділік жобаның қоғамдық беделін арттырумен қатар, оның коммерциялық табысына да тікелей әсер етеді. Демек, PR маманының кәсіби жұмысы жобаның экономикалық жетістігінің негізі бола алады.

Арт-менеджер мен PR маманы - өнер мен қоғам арасындағы байланысты жүзеге асыратын негізгі екі маман. Олардың бірлескен жұмысы жобаның көркемдік деңгейімен қатар, оның экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Арт-менеджер жобаның ішкі мазмұнына, ұйымдастырылуына жауап берсе, PR маманы - оның сыртқы әлемге қалай ұсынылатынын анықтайды. Егер бұл екі маман өзара үйлесімді жұмыс істесе, жоба аудиториямен тиімді байланыс орнатып, нарықта тұрақты орын ала алады. Мұндай серіктестік мәдени жобалардың коммерциялық табысын арттырып, оны ұзақ мерзімді экономикалық механизмге айналдырады.

Көптеген мәдени жобаларда жиі кездесетін мәселе - арт-менеджер мен PR маманы арасында коммуникацияның жеткіліксіздігі. Мұндай жағдайда жоба сапалы болса да, ол қоғам назарынан тыс қалуы мүмкін. Тиімді жұмыс үшін екі маман да жобаның басынан бастап бір команда ретінде әрекет етуі тиіс. Арт-менеджер шығармашылық концепцияны PR маманымен бөлісіп, оның мәнін толық түсіндіруі қажет. Ал PR маманы аудиторияның сұранысын зерттеп, медиа стратегияны ұсынып, мақсатты нарыққа жету жолдарын жоспарлауы тиіс. Екеуінің бірлесе жоспар құруы, тұрақты кездесулер өткізуі және өзара сенім орнатуы - табысты жобаның кепілі бола алады. Мысалы, бір арт-галереядағы жоба кезінде арт-менеджер тек мазмұн мен ұйымдастыруға мән беріп, PR жұмысына кеш араласқан. Соның салдарынан жарнама кеш таралып, көрермен аз жиналған. Кейінгі жобада олар бір команда ретінде жұмыс істеп, ақпаратты алдын ала бөлісіп, PR стратегиясын ертерек жасағанда, көрме сәтті өтті және қоғамда кеңінен танылды. Бұл тәжірибе арт-менеджер мен PR маманы арасындағы байланыстың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан олардың әр жобада серіктестік орнатып, бір-бірінің рөлін түсініп, ортақ мақсатта жұмыс істеуі қажет. Бұл бірлескен әрекет жобаның экономикалық нәтижелерін алдын ала болжауға және жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда кәсіби арт-менеджмент пен PR саласы ең өзекті мамандықтармен, сұранысқа ие мамандар. Осы тұрғыда екі түрлі мәдени ортадан шыққан мамандардың айтқан сөздерін айтқым келеді: қазақстандық менеджер Әлия Темірхан мен итальяндық режиссер Бернардо Бертолуччи. Екеуінің де айтқан сөздері өнердің әлеуметтік рөлі мен оны жеткізудің тетіктері жайлы терең ой тудырады.

Әлия Темірхан: *«PR маманы – жобаның дауысы. Егер ол дұрыс сөйлемесе, жоба үнсіз қалады».*

Бұл сөз PR маманының рөлін нақты әрі бейнелі түрде сипаттайды. Арт-жобаның идеясы қаншалықты терең, көркемдік сапасы қаншалықты жоғары болса да, егер ол қоғамға дұрыс жеткізілмесе, жоба ешқандай әсер қалдырмауы мүмкін. Өнер туындысы көрерменге жету үшін оған “дауыстайтын” адам қажет. PR маманы — дәл сол «дауыс».

PR стратегиясы дұрыс құрылмаған жағдайда, жоба көрермен назарынан тыс қалып, қаржылық және қоғамдық қолдаудан айырылуы мүмкін. Бұл жерде Әлия Темірхан PR маманының жауапкершілігін ерекше атап өтеді. Оның кәсіби шеберлігі арт-менеджердің еңбегін көрерменмен байланыстыруда шешуші рөл атқарады.

Бернардо Бертолуччидің «Өнер – бұл тек автордың ішкі әлемі емес, көрерменмен қарым-қатынас құралы» деген сөзі өнердің мәнін философиялық тұрғыдан түсіндіреді. Өнер - бұл бір жақты бағыт емес, керісінше, екі жақты коммуникация. Автор өз ойы мен сезімін туынды арқылы білдіреді, ал көрермен оны қабылдайды, түсінеді және өз өмірімен байланыстырады. Яғни, өнер - бұл диалог. Осы диалогты жүзеге асыру үшін арнайы мамандар - арт-менеджер мен PR маманы қажет. Арт-менеджер автор мен туындының арасындағы ішкі байланысты реттесе, PR маманы туынды мен көрермен арасындағы сыртқы байланысты орнатады. Егер осы екеуінің жұмысы үйлеспесе, өнер өз миссиясын толық орындай алмайды - қоғаммен байланыс үзіледі.

**Almaty Film Festival.** Арт-менеджер мен PR мамандарының жарқын көрінісі ретінде - Қазақстандағы ең ірі халықаралық кинофестивальдердің бірі - Almaty Film Festival айта аламын, ол өзінің көрермендерін әлемнің түкпір-түкпірінен келген үздік фильмдермен таныстыруға мүмкіндік береді. 2019 жылы фестиваль өзінде түрлі жанрадағы фильмдерді көрсетіп, қазақстандық және халықаралық кинематографияны бір сахнада ұсынды. Кинофестивальдің PR стратегиясы көрермендерге фестивальдің басталуынан бір ай бұрын белгілі болды, бұл шараға деген қызығушылықты арттырды. Әлеуметтік желілерде және дәстүрлі БАҚ-да қолдау, медиа серіктестіктер мен анонстар фильмдерді көрсетуді күткен қауымның арасында үлкен қызығушылық тудырды. Фестиваль аясында ұйымдастырылған қызыл кілемдегі салтанатты шаралар, танымал актерлер мен режиссерлердің қатысуы, сұхбаттар мен шеберлік сабақтар көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Әлеуметтік желілерде әр фильмнің премьерасы және актерлердің сұхбаттары кеңінен насихатталды. Концерттер мен әртүрлі іс-шаралар әлеуметтік желілерде жарияланып, жұртшылықтың назарын аударды. Нәтижесінде, фестиваль үлкен аудиторияны қамтып, халықаралық деңгейде кинофестивальдің маңыздылығын арттырды. PR стратегиясының арқасында фестивальдің танымалдылығы мен ауқымы кеңейіп, елге біршама экономикалық пайда түсірді

**“Қаш”.** Қазақстандық “Қаш” фильмі, алғаш рет Netflix платформасында көрсетіліп, қазақ киноиндустриясын халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік берді. Бұл экшн-триллер қазақ киносының жаңа даму жолдарын көрсетуге арналды. Фильмнің продюсерлері мен режиссерлері өздерінің PR стратегияларын өте тиімді пайдаланды. Алғаш рет Netflix платформасында көрсетілетінін анонс арқылы көпшіліктің назарын аударды. PR мамандары фильмге қатысты барлық ақпаратты жан-жақты ұсыну арқылы фильмнің танымалдылығын арттырды. Фильмнің PR кампаниясы басталған сәттен бастап әлеуметтік желілерде фильм туралы тизерлер мен бейнематериалдар жарияланды. Танымал актерлер мен түсірілім тобының сұхбаттары мен артқа жасалған жұмыстар туралы ақпараттар фильмнің құндылығын аудиторияға жеткізді. Басты актерлер мен продюсерлердің сұхбаттары тек қазақстандық емес, сонымен қатар халықаралық БАҚ-тарда да жарияланды. Осылайша, фильмнің халықаралық деңгейде танылуына ықпал етті. Әлеуметтік желілердегі пікірлер мен талқылаулар да фильмді көпшіліктің көріп шығуына себеп болды.

“Almaty Film Festival” мен “Қаш” фильмі – қазіргі заманғы өнер мен мәдениет саласындағы жобалардың табысты болуына арт-менеджмент пен PR мамандарының кәсіби серіктестігінің қаншалықты маңызды екенін айқын көрсететін мысалдар. Бұл жобалардың сәтті жүзеге асуы тек шығармашылықпен шектелмей, мәдени индустриядағы экономикалық өсімге де ықпал етті. PR стратегиясының нәтижесінде бұл жобалар тек мәдени жетістікке емес, сонымен қатар қаржылық пайдаға да қол жеткізді – көрермен санының артуы, жарнама келісімдері, халықаралық серіктестіктер және цифрлық платформа арқылы табыс табу осының дәлелі. Арт-менеджер мен PR маманы біріге отырып, өнер мен қоғам арасында тиімді байланыс орнатып қана қоймай, мәдени жобаларды нарыққа бейімдеп, оларды экономикалық тұрғыдан да тиімді ете алды.

Арт-менеджер мен PR маманы - қазіргі еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие, жаңа типтегі жұмысшы кәсіптердің көрінісі. Олар тек өнер мен мәдениетті дамытуға емес, сонымен қатар экономиканы жандандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, туризм мен креативті салалардың дамуына серпін береді. “Жұмысшы кәсіптері - экономикалық өсу мен дамудың